

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласы әкімінің 2025 жылғы 10 қыркүйектегі № 89 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19, 69 баптарына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына, Төлеби аудандық жер қатынастары бөлімінің 06.08.2025 жылғы (жер учаскесін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобасын бекіту туралы) №582 (№ KZ27VBG01625176) бұйрығына және өтінішіне сәйкес ШЕШІМ ЕТТІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы – "Желі" дивизоны" бірлестігіне Ленгір қаласы, №1 мөлтек ауданы аумағынан талшықты оптикалық байланыс желілерін жүргізу үшін жалпы алаңы 0,1473 га жер учаскесін 5 (бес) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалу барысын қадағалау қала әкімі орынбасары Ж.Байзақовқа жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М.Жұмабаев